

2010 жылғы 7 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Имашев трансшекаралық газ конденсаты кен орнын геологиялық зерделеу және барлау жөніндегі бірлескен қызмет туралы келісімге хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 318 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылғы 11 қарашада Екатеринбургте жасалған 2010 жылғы 7 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Имашев трансшекаралық газ конденсаты кен орнын геологиялық зерделеу және барлау жөніндегі бірлескен қызмет туралы келісімге

х а т т а м а б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К.Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 4 с ә у і р д е г і

№ 3 1 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

жоба

2010 жылғы 7 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Имашев трансшекаралық газ конденсаты кен орнын геологиялық зерделеу және барлау жөніндегі бірлескен қызмет туралы келісімге хаттама

(2014 жылғы 18 сәуірде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 3, 30-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

2010 жылғы 7 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Имашев трансшекаралық газ конденсатты кен орнын геологиялық зерделеу және барлау бойынша бірлескен қызмет туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 13-бабының ережелерін негізге ала отырып,

Келісімді іске асырудың барынша тиімді ұйымдық-құқықтық және қаржылық жағдайын қамтамасыз етуге талпынып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 1-бабының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «осы Келісім бойынша оператор – уәкілетті ұйымдардың келісімі бойынша айқындалған (тағайындалған), Имашев кен орнын геологиялық зерделеу және барлау үшін жер қойнауын пайдалану құқығы берілген коммерциялық ұйым;».

2-бап

Келісімнің 5 - бабында :

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «Тараптардың әрқайсысы осы Келісім күшіне енген күннен кейін осы Келісім бойынша операторға өз мемлекеті аумағының шегінде Имашев кен орнын геологиялық зерделеу мен барлауды жүргізуге қажетті барлық құжаттарды ұсынуды жүзеге асырады . » ;

2) үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «Осы Келісім бойынша оператор өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттің аумағында Тарап мемлекетінің заңнамасында жер қойнауын пайдаланушыларға қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.»;

3) төртінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: «Тараптар осы Келісім бойынша операторға өз мемлекеттерінің аумағы шегінде Имашев кен орнын геологиялық зерделеу және барлау үшін Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын береді.»;

4) алтыншы абзацтағы «Тараптардың уәкілетті ұйымдары жауапты болады» деген сөздер «Осы Келісім бойынша оператор жауапты болады» деген сөздермен ауыстырылсын.

3-бап

Келісімнің 6-бабының бірінші абзацындағы «уәкілетті ұйымдар жүзеге асырады» деген сөздер «Осы Келісім бойынша оператор жүзеге асырады» деген сөздермен ауыстырылсын.

4-бап

Келісімнің 7-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

Геологиялық зерделеу және барлау бағдарламасын әзірлеу

Осы Келісім бойынша оператор Имашев кен орнының жер қойнауын пайдалану құқығын алғаннан кейін Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сай келетін геологиялық зерделеу және барлау бағдарламасын әзірлейді. Геологиялық зерделеу және барлау бағдарламасы Тараптардың уәкілетті ұйымдарында келісуге тиіс.».

5-бап

Келісімнің 8 - б а б ы н д а :

- 1) бірінші абзацтағы «уәкілетті ұйымдарға» деген сөздер «осы Келісім бойынша операторға» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) екінші абзацтағы «уәкілетті ұйымдармен» деген сөздер «осы Келісім бойынша оператормен» деген сөздермен ауыстырылсын.

6-бап

Келісімнің 9 - б а б ы н д а :

- 1) бірінші абзацтағы «уәкілетті ұйымдар немесе олардың тапсырмасы бойынша» деген сөздер алынып тасталсын;
- 2) екінші абзацтағы «уәкілетті ұйымдар қамтамасыз етеді» деген сөздер «Осы Келісім бойынша оператор қамтамасыз етеді» деген сөздермен ауыстырылсын.

7-бап

Келісімнің 11-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 1 - б а п

Жер қойнауын пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер

Осы Келісім бойынша оператор жер қойнауын пайдаланғаны үшін Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда төлемдер төлейді.»

8-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне е н е д і .

2013 жылғы «11» қарашада Екатеринбург қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК